

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер 16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы 25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері 49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер 59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence»69

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актантық көрінісі 80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы 90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова 98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән 109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality 119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature..... 127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты 135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзіпа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты.....	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде	211

*Г. МАМЫРБЕК¹ 

М. МАЛБАҚОВ² 

А. СЕЙІТБЕКОВА³ 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: gulfar76@mail.ru¹, myrzabergen@mail.ru², ainurseit@mail.ru³)

*В. РАДЛОВ СӨЗДІГІНДЕГІ БАЙЫРҒЫ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігіндегі байырғы сөздер қарастырылған. Зерттеу барысында қазақ сөздері мен түркі тілдеріне ортақ лексика анықталып, салыстырмалы талдау жүргізілді. Ол сөздердің қазіргі қазақ әдеби тіліндегі қолданысы айқындалып, мағыналық айырмашылықтары көрсетілді. В. Радлов сөздігінде сол кезеңдегі түркі тілдері мен диалектілері барынша қамтылған. Атап айтқанда, қазақ, түрік, әзербайжан, өзбек, қырғыз, башқұрт, якут, алтай, қарайым, чулым, шор, ұйғыр, хакас, татар тілдерінің лексикасы молынан қамтылған. Автор бір сөздің әр түркі тілдеріндегі фонетикалық, семантикалық айырмашылықтарын жүйелі түрде реестрде көрсетіп отырған. Мақалада қазақ тіліне тән сөздердің сол кезеңдегі қолданысы нақты мысалдар арқылы беріліп, қазіргі қазақ тілімен салыстырылды. Тілдің динамикалық дамуы барысында бірқатар лексикалық бірліктердің семантикалық өзгеріске ұшырағаны В. Радлов сөздігі негізінде талданды. Кез келген сөздікте қамтылған лексикографиялық параметрлер сол сөздіктің сапасын білдіретін басты көрсеткіш екені мәлім. В. Радлов сөздігінде фонетикалық, грамматикалық, семантикалық параметрлер жүйелі әрі нақты беріліп отырған. Бұл ерекшелік түркі тілдері құрылымынан терең ақпарат алуға мүмкіндік беріп отыр. Автор жеке сөздермен ғана шектелмей, сөз тіркестері мен фразеологизмдерді де ұсынған. Бұл тіл тарихы мен сөз этимологиясын дұрыс анықтауға ықпал ететін басты факторлардың бірі.

Түйін сөздер: байырғы сөз, түркі тілі, ортақ лексика, тұрақты тіркес, лексикография, реестр.

Кіріспе. Байырғы сөз дегеніміз – белгілі бір тілдің бұрыннан қалыптасқан сөздері. Ол сөздік құрамның ең мол қоры болып есептеледі. Түркі тілдерінде қолданылатын ортақ сөздер де байырғы лексикаға жатады. Яғни байырғы лексика деген ұғым, белгілі бір тілде бұрыннан қолданылып келе жатқан, сол тілдің ескі қабатына жататын төл сөздері дегенді білдіреді. Дегенмен фонетикалық, морфологиялық жағынан игеріліп, жат элемент екенін танытатын белгілерінен мүлде айырылған кірме сөздер де байырғы лексика құрамында қаралатыны ғалымдар тарапынан айтылып жүр [1, 8]. Қазақ тіл білімінде байырғы сөздерді зерттеген еңбектер біршама, алайда В. Радлов сөздігіндегі байырғы қазақ сөздерінің семантикалық ерекшеліктері мен олардың қазіргі қазақ әдеби тіліндегі қолданысы, айырмашылығы толыққанды зерттелмей келеді. Бүгінгі мақаламызда сөздікке алынған байырғы сөздерді екі топқа бөліп, салыстырмалы тұрғыдан талдап беруді мақсат еттік.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19677715 «В.В.Радлов сөздігі: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Жалпы кез-келген тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сол тілдің сөздік құрамын көрсететіні мәлім, онда сол халықтың бүкіл өмір-тіршілігі, салт-дәстүрі, тұрмысы, кәсібі қамтылады. Сөздік құрамға байырғы сөздер, кірме сөздер, неологизмдер, диалектілер, терминдер, көнерген сөздер, яғни тілдегі күллі лексика енеді. Мақалада сөздік құрамның оның ішінде сөздік қордың негізгі қабаты болып табылатын қазақ тілінің байырғы сөздері В. Радлов сөздігі негізінде талданды. В. Радловтың бұл еңбегі түркі тілдерінің лексикалық материалына өте бай және сол кезеңдегі түркі тілдері мен диалектілері барынша қамтылған. Сондықтан бұл еңбектің жалпы түркі лексикографиясындағы орны өте жоғары. Тілдің даму барысында сөздік құрамдағы бірқатар лексика қолданыстан шығып немесе семантикалық өзгерістерге ұшырап жататынын мәлім. Мұндай ерекшеліктер В. Радлов сөздігіндегі мысалдар арқылы мақалада талданып, көрсетілді. В. Радлов біз басшылыққа алған «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегінде сөз мағыналарын түсіндіріп қана қоймай, дыбыстардың әр түркі тілдеріндегі артикуляциялық айырмашылықтары мен ұқсастықтарын да талдап көрсеткен, реестрге алынған сөздердің қай түркі тілі мен диалектісіне, қай аймаққа тиесілі екенін анықтап, кірме сөздерге де помета қойып отырған. Бұл сөздіктің академиялық деңгейдегі құнды еңбек екенін айғақтайды.

В. Радлов сөздікте түркі диалектілері мен олардың қолданылған аймақтарын лебединское, таранчинское, койбалское, качинское, команское, кызыльское, мишарское, симбирское, саянское, тобольское, туралинское және т.б. деп көрсетеді. Мақала автордың осы қолданысы өзгертілмей, сол қалпында берілді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада лексикографияның теориясына арналған зерттеулер мен қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздіктері негізге алына отырып, академик В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің мағынасын талдау үшін жүйелеу, сұрыптау, лексика-семантикалық топтарға жіктеу, этимологиялық талдау әдістері қолданылды.

В. Радловтың 1888-1911 жылдар аралығында шығарған төрт томдық, сегіз кітаптан тұратын «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігінде түркі тілдеріне тән лексиканың мол қоры қамтылғаны мәлім [2]. Еңбектегі қазақ сөздерінің толық транскрипциясын жасап шыққан профессор М. Малбақовтың анықтауынша, В. Радлов сөздігінде берілген қазақ сөздерінің жалпы саны сегіз мың төрт жүзден асады. Сөздікке алынған байырғы сөздерді түркі тілдеріне ортақ сөздер және қазақтың төл сөздері деп екі топқа бөлуді жөн көрдік.

Талқылау мен бақылау. Түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер. Қазіргі түркі тілдерінде ортақ қолданылатын сөздер – түркі халықтарының туыстығы мен тегі, генетикалық байланысы бір екендігінің басты дәлелі. Ортақ сөздерге негізінен дене мүше атаулары, туыстық атаулар, табиғат құбылыстарына қатысты атаулар, жан-жануар, мал атаулары, етістіктер, есімдіктер, сан есімдер жатады. Түркілерге ортақ сөздерде фонетикалық айырмашылықтар да бар екені мәлім.

В. Радлов реестрге алынған сөздің қай түркі тіліне тиесілі екендігін жақша ішінде мұқият көрсетіп отырған. Мәселен, ай (луна) сөзін қазақ (ай), ұйғыр (ай), шағатай кітаби тілі (ай), осман (ай), қарайым (ай), алтай (ай), телеут (ай), әзербайжан (ай), шор (ай), сагай (ай), якут (ый) тілдеріне тән бірлік ретінде береді. Қазақ тіліне алынған мысалдарға: ай толду, ай туған деген тіркестерді келтіріп, мағынасын: «ай толды – полнолуние; ай туған – восхождение луны» деп көрсеткен.

В. Радловтың «шағатай» деп отырғаны – түркі тілі емес, термин ретінде қалыптасқан атау ғана. «Шағатай» терминінің шығуы жайлы академик Ә. Қайдар: «Шағатай Шыңғыстың Бөртеден туған екінші ұлы. Шағатай еншісіне Жетісу мен Әмударияның оң жағалауындағы жерлерге дейінгі өлке тиеді. Шағатай атымен түркологияда шағатай тілі деген термин де қолданылады. Бұл терминнің қалай қалыптасқандығы, қандай тілдерді қамтығандығы, қай дәуірдің тіліне байланысты қолданылғандығы туралы ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Шағатай тілі терминінің қалыптасуы ХІХ ғ. жасаған орыс ориенталист ғалымдарының үлесіне тиеді», – дейді [3, 95-101]. Түрколог А. Боровков шағатай тілі ХV-ХVІ ғасырларда Шағатай дәуірінде қалыптасқан ескі өзбек тілі деп көрсетсе [4, 13], А. Щербак та ескі өзбек

тілі шағатай тілі деген атаумен аталғанын айтады [5, 72]. Ал В. Радлов сөздігіндегі шағатай тілі термині де өзбек тілінің синонимі ретінде жұмсалған деп тұжырымдаймыз.

Сөздікте айғыр сөзі қазақ, алтай, телеут (оңтүстік алтай диалектісі), қара қырғыз, чулым (шығыс түркі тілінің хакас тобы), осман (түрік), ұйғыр, сагай (хакас диалектісі), манджур (манчжур), якут, қырым, лебединское және қазан диалектісіне жатқызылып, негізгі мағынасы «жеребец» деп көрсетілген. Қазақ тіліндегі мысалға айғыр кісі, айғыр қатын деген тіркестер алынып, мағыналары былайша ашылған:

Айғыр кісі – сладострастный человек;

Айғыр қатын – жена, держащая мужа под башмаком».

Сөздікте қазіргі тілімізде актив қолданылмайтын айғырлы, айғырлық, айғыршық сөздері қазақ тілінің лексикасы ретінде беріліп, семантикасы былайша көрсетілген:

«Айғырлы – имеющий жеребца с жеребцом үйір айғырлы ма? Есть ли жеребец в табуне?»

Айғырлық – сладострастие.

Айғыршық – маленький жеребец».

Ал осман (түрік) тіліндегі мысалға теңіз айғыры, су айғыры деген тіркестер берілген. Айғыр сөзінің осман тіліндегі тағы бір мағынасы «муж высокомерный, который ставит себя гораздо выше жены» деп көрсетілсе, айғырлық сөзінің семантикасы «грубость, ярость» деп берілген.

Алтай тіліндегі бір мағынасы: «табун которая ходят одним жеребцом». Пу кіжінің паш айғыр малы бар – «у этого человека пять табунов лошадей».

Жоғарыдағы талдаулар айғыр сөзі түркі тілдеріне ортақ байырғы лексика екендігінің дәлелі бола алады және семантикалық ерекшеліктер болғанымен, барлық түркі тілдеріндегі негізгі мағынасы – үйірге түсетін еркек жылқы (жеребец). Бұл бастапқы мағынасы қазақ тілінде күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Сөздікте айран сөзі алтай, сагай, койбальское (хакас диалектісі), қырым, қазан, осман, шағатай, ұйғыр, моңғол, қазақ сөзі ретінде беріліп, мағынасы «питье, приготовляемое из кислого коровья молока» деп көрсетілген. Бұдан «ұйытылған сүт» ұғымындағы айран сөзінің атаалмыш түркі тілдерінің барлығында бір ғана ортақ мағынада жұмсалғандығын көреміз.

В. Радлов айтыс және айтыш сөздерін сөздіктегі кейбір лексикалық бірліктер тәрізді фонетикалық вариант ретінде бір реестрге бере салмаған. Айтыс варианты тек қазақ тіліне тән сөз ретінде бөлек алып, семантикасын былайша ашады:

«Айтыс»

1) разговоривать, беседовать, между собою говорит, спорить, ссориться; өлең айтысады – состязаются в стихах;

2) вести тяжбу словесно пред судьейю».

Бұдан бөлек айтыстыр етістігін де реестрде көрсеткен:

«Айтыстыр»

1) заставить разговоривать, беседовать;

2) вызвать на спор, на состязание стихами;

3) вести разбирательство, тяжбу (о судьях); билер бізді айтыстырды – бии дали нам очную ставку, заставили нас высказать друг против друга свои доказательства, улики оправдания».

Көріп отырғанымыздай, айтыс және айтыстыр сөздерінің В. Радлов ашқан семантикасы қазіргі қазақ әдеби тілінде өзгеріссіз қолданылатыны мәлім. Енді бұл сөздердің басқа түркі тілдеріндегі мағынасына назар аударайық. Қара қырғыз, Тобольское (Сібір татарларының диалектісі) және қырым диалектінде:

«Айтыш – разговоривать, беседовать, ссорятся, спорять» деген мағынада жұмсалса, тобольское диалектінде бұдан бөлек «речь» деген ұғымда да қолданылған. Талдаулардан түйетініміз, бұл сөздің «топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы» [6], – деген мағынасын В. Радлов қазақ тіліне қатысты көрсеткен. Басқа түркі тілдеріне қатысты

ондай ақпарат бермеген. Айтыстың қазақ, қырғыз, қарақалпақ халқына ғана тән ұлы өнер екенін ескерсек, сол кезеңде оның қазақтар арасындағы танымалдылығы жоғары болған деп болжауға болады.

Сөздікте «ақыл, ес; пікір, ұғым» деген мағынаны білдіретін ой сөзі алтай, телеут, лебединское, шор, чулым, шағатай, қара қырғыз, қазақ сөзі ретінде беріліп, аталмыш түркі тілдеріндегі семантикасы «ум, разум, память, мнение», – деп көрсетілген. Қазақ тіліне қатысты мынадай мысалдар алынған:

«Ойуна түстү – ему пришло на ум.

Ойуңа ал – припомни об этом.

Ойуңнан шықты – он позабыл.

Ойуңнан тастама – не забудь это».

Ал бұл сөздің етістік формасы осы түркі тілдерінен (алтай, телеут, лебединское, шор, чулым, шағатай, қара қырғыз, қазақ) бөлек, сагай, осман тілдерінде де қолданылатыны реестрде көрсетілген. Семантикасы «выкопать, выдолбить, вырезать, гравировать» деп берілген. Бұл талдаулар түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер қатарында омонимдердің де көп екенін айғақтайды.

Сөздікте алтай, телеут, лебединское, таранчинское (ұйғыр диалектісі), койбальское, качинское (хакас диалектісі), қара қырғыз, сагай, чулым, эзербайжан, қазақ тілдеріне ортақ сөз ретінде алынған лексиканың бірі – ойын. В. Радлов бұл сөздің үш түрлі фонетикалық вариантын береді: оін, ојун, уін. Аталмыш тілдерде екі мағынада қолданылатынын көрсеткен: «1. Игра, шутка; 2. Игра на музыкальном инструменте, пение». Қазақ тіліне қатысты мынадай мысалдар берілген:

«Оін оінады – он играет.

Кумар оін – азартная игра.

Асык оіны – игра в бабки.

Калың оінға кірдік – мы начали крупную игру.

Кыздардын бу оінун есіткән соң – когда он услышал это пение девиц.

Кобуз оіну – игра на скрипке».

Мысалдардан асық ойыны мен қобыздың семантикасы дұрыс ашылмағанын аңғарамыз.

Қазақтың төл сөздері. Бұған негізінен қазақ халқының тұрмысына, шаруашылығына, мәдениетіне, дүниетанымына қатысты сөздер жатады. В. Радлов қазақ тіліне ғана тән лексика ретінде реестрге мынадай сөздерді алған (мысалдардың транскрипциясы берілді):

«Айырбас – меновая торговля. Айырбас қылды – он менял». Көшпелі қазақ өмірінде тұрмыстық қажеттілікті өтеу үшін айырбас сауданың маңызы зор болғаны мәлім. Ол кезеңде пайда табу, саудамен айналысу мақсатында емес, өмір сүруге қажетті заттарды малға айырбастап алу дәстүрі кең тараған болатын. Бұл сөздің В. Радлов сөздігінде берілген семантикасы қазіргі қазақ әдеби тілінде кеңейіп, экономикалық термин ретінде қолданылып келеді: «Мүлікті, ақшаны, бағалы қағаздарды сатып алу, сату, беру, бизнес операцияны жүзеге асыру және тағы да басқа экономикалық, саудалық өзара әрекеттесу, екі немесе бірнеше экономикалық субъекттер, азаматтар және заңды тұлғалар арасындағы келісімдер» [7].

«Айтақ – крик, которым натравливают собаку на волка». Көшпелі қазақ салтында қасқыр қойға шапса, оны тойтару үшін арнайы ит асырап, қойды итпен күзеткені мәлім. Қазіргі таңда бұл сөздің сөздіктерде мынадай мағыналары берілген: «Ит қосу, «айтақ-айтақ» деп итті жүгірту» [8]. «Ит қосқанда, яғни бөгде итті қаптыру, оларды таластыру, қыздырып, өшіктіру үшін иесі тарапынан айтылатын сөз. Мұндайда иттің атын атаса, оның күші қайтып, мысы басылып, жеңіліске ұшырайды деген сеніммен итінің атын атамауға тырысады» [9]. Яғни айтақ сөзінің В. Радлов көрсеткен мағынасы қазіргі тілімізде өзгеріссіз сақталған.

«Аударыспақ – игра, состоящая в том, что стараются стащить друг друга с лошади». Бұл қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі екендігі мәлім. Бұл ойында екі жігіт қарусыз, құралсыз білек күшімен ғана бір-бірін аттан аударып түсіруі керек. Ұлттық ойын атауы

болғандықтан, бұл сөздің В. Радлов көрсеткен мағынасы қазіргі тілімізде де сол қалпында сақталып отыр.

«Ауыздық – ауызлык». Реестрге осы сөзден жасалған етістік пен сын есім де берілген:

«Ауыздықта – ауызлыкла.

Ауыздықты – ауызлыклы».

Көріп отырғанымыздай, В. Радлов еңбегінде бұл сөздің семантикасы ашылмаған. Реестрге алынған нұсқаларға қарап, оның «жылқы аузына кигізетін жүгеннің темір бөлшегі» екендігін аңғарамыз. Қазіргі тілімізде ауыздық сөзінің бұдан басқа бірнеше мағыналары бар, әрі диалект ретінде де қолданылады: «Малдағы жұқпалы ауру. Ауыздықпен ауырған малдың ерін терісі мен кеңірісі зақымданады» [10]. «Адамның езуінде пайда болатын жара түрі» [9]. «Дәм, тамақ» [10].

«Оңқа – опухоль на плечах лошади». В. Радлов көрсеткен бұл мағына қазіргі қазақ тілінде шыққан сөздіктерде жоқ, бірақ мынадай мағыналары берілген: «асық ойынының түрі» [11]; «дәрігерлік құрал, банка» [10]; «асықтың аша жағының жоғары қарап тік тұру қалпы» [12].

«Қайыс – ремень». Бұл сөздің қазіргі қазақ тіліндегі негізгі мағынасы «түрлі мақсаттарда қолдану үшін иленген ірі малдардың терісі» [13].

Нәтижелер. В. Радлов сөздігінде тек қазақ тіліне ғана тән лексикалық бірліктер ретінде реестрге алынған сөздер саны аз емес. Мәселен:

«Айшық – 1) палочка у езды 2) арабески.

Ойпаң – низменность, низкая земля. Ойпаң жерде қар жауса белден күртік – если на низменность падает снег, он доходит до пояса.

Ожау – ковшик деревянный с короткою ручкою. Қымыз ожау – ковшик для переливания кумыса.

Өрмек – 1) армячина, материя из верблюжьей шерсти. Өрмек тоқыды – он тклет армякчину; 2) паутина.

Өрмекші – паук. Өрмекші өрмек тоқиды – паук плел паутину» және т.б.

Сонымен қатар, В. Радлов сөздігінде берілген кей сөздердің семантикасы мен қолданысы қазіргі қазақ әдеби тілінде өзгеріске ұшырағанын аңғаруға болады. Мысалы:

«Олқы – впалый, не полный. Қазан олқы болды – котель не полон. Ішім олқы болды – мой желудок пуст. Аяқ олқы тартты – содержание чашки уменьшилось. Іші олқы тартты – живот его впал. Дәулет олқы тартты – его богатство уменьшилось». Қазіргі тілімізде бұл мысалдарда көрсетілгендей ұғымда қолданылмайтыны анық. «Кемдеу, кеміс, кемшілік» деген мағынада жұмсалып, негізінен олқылық нұсқасы актив қолданылады.

«Оспақ – намек. Оспақ сөз – намек словами». Бұл сөз қазіргі әдеби тілімізде әзіл-оспақ қос сөзінің құрамында қолданылып, «әзіл сөз, қалжың» деген ұғымда жұмсалады. В. Радлов көрсеткен семантикасы қазіргі таңда өзгеріске ұшыраған.

«Оспақта – намекать, дать знак. Оспақтап білдім – я это узнал хитростью, я догадался. Бұл сөз қазіргі тілімізде «астарла, астарлап айт, астарлап айттым» деген сөздерге ауысқан. В. Радлов көрсеткен форма классикалық әдебиеттер мен поэтикалық шығармаларда қолданылғанымен, қазіргі тілдік қолданыстан шығып қалды деуге болады.

«Итіншек – животное, которое рвется, тянет вперед, когда его водят за поводом». Қазақ тілінде шыққан сөздіктерде осы мағынасынан бөлек «кертартпа, ескі күйден өзгермейтін, дамымайтын», – деген мағынасы да көрсетілген [14]. В. Радлов көрсеткен семантиканың кейіннен дамып, адамға қатысты ауыспалы мағынада да қолданыла бастағанын аңғарамыз.

В. Радлов сөздігінде берілген кейбір қазақ сөздерінің қазіргі әдеби тілдегі қолданысынан фонетикалық айырмашылықтары бар. Мысалы, В. Радлов сөздігінде қуырдақ сөзі қаурдақ формасына ұсынылып, семантикасы «жареное, жаркое из мелко изрезанной баранины» деп көрсетілген. Демек қуырдақ сөзінің әу бастағы фонетикалық нұсқасы қауырдақ болуы мүмкін деп болжауға болады. Сондай-ақ, «киімнің екі бойын, екі жағын бір-біріне айқастыру, қымтау» деген мағынаны білдіретін қаусыру етістігі В. Радлов сөздігінде қаусын формасында берілген: «қаусын – быть сложенным на груди (о платьях), быть застегнутым

на груди, быть завязанным кушаком (о кафтане)». Қазіргі қазақ әдеби тілінде В. Радлов көрсеткен қаусын варианты мүлде қолданылмайды.

В. Радлов сөздігінде қырғыз бен қазақ тіліне ғана тән лекикалық бірліктер де мол қамтылған. Ондай сөздерді де қазақ тілінің байырғы төл лексикасына жатқызуға болады. Мысалы:

«Айналайын – ласкательное выражение. Қазақ тіліне қатысты мысалға айналайын балам деген тіркесті алып, семантикасын «милое дитятко мое», – деп көрсеткен.

«Айқыш – 1) крест на крест. Айқыш салды – крест на крест сложит; 2) айқыш-ұйқыш – крест на крест».

Кез келген сөздікте қамтылған лексикографиялық параметрлер – сол сөздіктің сапасын білдіретін басты көрсеткіш. Параметр ұғымын лексикограф Ю.Н. Караулов былай түсіндірген: «Под параметром понимается некоторый квант информации о языковой структуре, который в экстремальном случае может представлять для пользователя самостоятельный интерес, но, как правило, выступает в сочетании с другими квантами (параметрами) и находит специфическое выражение в словарях; иными словами это особое словарное представление структурных черт языка» [15, 51]. В. Радлов сөздігінде лексикографиялық параметрлер, атап айтқанда, фонетикалық, грамматикалық, семантикалық, стилистикалық параметрлер қамтылып, түркі тілдерінің құрылымынан терең ақпарат берілген. Сөздікте «басқы (реестр, қарамен боялған) сөз немесе вокабула сөздік мақаланың (ұяның) негізі болып табылады. Дәл осы вокабулаға тұрақты және туынды сөз тіркестері мен фразеологиялық орамдар, сондай-ақ сөздік мақаланың мәтінін құрайтын олардың баламалары таңдалып алынады» [16]. В. Радлов реестрге алынған сөзбен байланысатын тұрақты және туынды сөз тіркестері мен фразеологизмдерді, баламаларды ұсынып отырған. Бұл автордың білікті лексикограф ретіндегі тұлғасын айқындай түседі. Сонымен қатар В. Радлов жақшаның ішінде жұрнақ, жалғауларды да ерекшелеп көрсете кеткен. Мәселен, «аунат (ауна+т) валять, перевернуть, катать; аурулы (ауру+лы) болезненный; қайғылы (қайғы+лы) печальный, горестный; қайнау (қайна+у) кипение; қайнауы басылады – перестает кипеть; талапты (талап+ты) предприимчивый, решительный; тұлымшақ (тұлым+чақ) маленькие косички, носимые девочками по обеим сторонам лба» және т.б. В. Радловтың сөздікте түбір мен аффиксті ажыратып беріп отыруы «тілдік білім мен лексикография үшін өте маңызды, олар когнитивті және функционалдық салалардағы зерттеулер жүргізуге негіз бола алады» [17].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігі—барлық түркі тілдерін қамтыған, үш тілді (түркі, орыс, неміс) құнды лексикографиялық еңбек. Сөздікте мынадай тілдер, диалектілер және аймақтар қамтылған: абакан (хакас), әзербайжан, түрік, алтай, армян, барабин (сібір татар диалектісі), башқұрт, шағатай (өзбек), якут, Қырым қарайымы, Луцк қарайымы, Троки қарайымы, Карагас, Қазан, қазақ, қара қырғыз, куман, койбальское (хакас), команское, Қырым, качинское (хакас), чулым, кызыльское (хакас), лебединское, мишарское (батыс татар диалектісі), манчжур, моңғол, сагай (хакас), шор, Симбирское, Саянское, таранчинское (ұйғыр), телеут (оңтүстік алтай диалектісі), Тобольское, Туралинское, Тюмен татарлары, ұйғыр. Сөздікке осыншама аймақтың сөздерін жинап, оның әр тілдердегі семантикасы мен фонетикалық нұсқаларын сұрыптап беру үшін үлкен күш-жігер мен терең білім қажет. Техника дамымаған, қағаз-қалам тапшы кезеңде бұндай қыруар істі тындыру білімі терең, нағыз ғалымның қолынан ғана келетін іс екені анық.

В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикасын талдай келе, мынадай тұжырым жасаймыз:

1) Сөздікте берілген кейбір қазақ сөздерінің қазіргі әдеби тілдегі қолданысынан фонетикалық айырмашылықтары бар;

2) В. Радлов көрсеткен кейбір сөздер бұрынғы классикалық әдебиеттер мен поэтикалық шығармаларда қолданылғанымен, қазіргі тілдік қолданыстан шығып қалған;

- 3) В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикасы мен қолданысы тілдің динамикалық даму барысында қазіргі қазақ тілінде өзгеріске ұшыраған;
- 4) Кейбір байырғы сөздердің В. Радлов көрсеткен мағынасы қазіргі қазақ тілінде шыққан сөздіктерде кездеспейді;
- 5) В. Радлов бір сөздің әр түркі тілдеріндегі фонетикалық варианттарын жүйелі түрде көрсетіп отырған;
- 6) Реестрге алынған әр сөздің қай түркі тілінің лексикасы екенін қысқартылған шартты белгілермен көрсете отырып, сөйлемдер арқылы нақты семантикалық талдау жасаған;
- 7) Реестрге алынған сөздің семантикасын тереңінен ашу үшін сол тілдегі фразеологизмдерді де қолданған.

Классикалық түркология саласында осындай теңдессіз еңбек қалдырған бірегей лексикограф В. Радловтың бұл сөздігі қазақ тілінің тарихын зерттеуде құнды дүние болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2010. – 125 б.
2. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I-IV. – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1888-1911 гг.
3. Қайдаров Ә.Т., Оразов М.О. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 248 б.
4. Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тевфсира. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. – 368 с.
5. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М.: Издательство Академии Наук СССР, 1962. – 277 с.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
7. Халықаралық экономика бойынша терминологиялық сөздігі. – Қарағанды: ҚарМУ, 2016. – 181 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
9. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1–том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
10. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
12. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
13. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3–том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
15. Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М.: Наука, 1981. – 366 с.
16. Таймуллина Қ. Қ. Қазақ лексикографиясы: екі тілді аударма сөздіктердің микроқұрылымы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2020. – №1. – 257-262-бб. <http://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf>.
17. Khazhieva Z., Novikova O., Belyaev A., Ivanova L. The Word-building Category Potential in the Analysis of the Names of Persons in the Russian and Bashkir Languages // Journal «Word» 2023, 69 (2). – P. 160-174. <https://doi.org/10.1080/00437956.2023.2202604>

Г. МАМЫРБЕК, М. МАЛБАКОВ, А. СЕЙТБЕКОВА

Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСКОННЫХ СЛОВ В СЛОВАРЕ В. РАДЛОВА

Аннотация. В статье рассматриваются исконные слова из словаря В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий». В ходе исследования была выявлена общая лексика казахских слов и тюркских языков, проведен сравнительный анализ. Было определено использование этих слов в современном казахском литературном языке, продемонстрированы семантические различия. Словарь В. Радлова максимально включает тюркские языки и диалекты того периода. В частности, имеется большой словарный запас казахского, турецкого азербайджанского, узбекского, кыргызского, башкирского, якутского, алтайского, караимского, чулымского, шорского, уйгурского, хакасского, татарского языков. Автор систематически указывал фонетические, семантические различия одного и того же слова в разных тюркских языках в реестре. В статье на конкретных примерах представлено использование слов, характерных для казахского языка того периода, и сравнивается с современным казахским языком. На основе словаря Радлова проанализировано, что ряд лексических единиц претерпел семантические изменения в ходе динамического развития языка. Общеизвестно, что лексикографические параметры, содержащиеся в любом словаре, являются главным показателем качества этого словаря. В словаре В. Радлова систематически и четко представлены фонетические, грамматические, семантические параметры. Эта особенность позволяет получить глубокую информацию из структуры тюркских языков. Автор не ограничился отдельными словами, но также предложил словосочетания и идиомы. Это способствует правильному определению истории языка и этимологии слов.

Ключевые слова: исконные слова, тюркский язык, общая лексика, фразеологизм, лексикография, реестр.

G. MAMYRBEK, M. MALBAKOV, A. SEITBEKOVA

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

SEMANTIC FEATURES OF NATIVE WORDS IN V. RADLOV'S DICTIONARY

Annotation. The article discusses the native words from the dictionary of V. Radlov «The experience of the dictionary of Turkic adverbs». In the course of the study, the general vocabulary of Kazakh words and Turkic languages was identified, a comparative analysis was carried out. The use of these words in the modern Kazakh literary language was determined, semantic differences were demonstrated. V. Radlov's dictionary includes as much as possible the Turkic languages and dialects of that period. In particular, there is a large vocabulary of Kazakh, Turkish, Azerbaijani, Uzbek, Kyrgyz, Bashkir, Yakut, Altai, Karaite, Chulym, Shor, Uighur, Khakass, Tatar languages. The author systematically pointed out the phonetic, semantic differences of the same word in different Turkic languages in the register. The use of words of the Kazakh language of that period is presented in the article on specific examples and compared with the modern Kazakh language. Based on Radlov's dictionary, it is analyzed that a number of lexical units have undergone semantic changes during the dynamic development of the language. It is well known that lexicographic parameters contained in any dictionary are the main indicator of the quality of this dictionary. V. Radlov's dictionary systematically and clearly presents phonetic, grammatical, semantic parameters. This feature allows to get deep information from the structure of the Turkic languages. The author proposed not only individual words, but also phrases and phraseological units. This contributes to the correct definition of the history of the language and the etymology of words.

Keywords: native words, turkic language, general vocabulary, phraseological units, lexicography, registry.

References

1. Jiekbaeva A.B. Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin termindenui /Filologia gylymdarynyn kandidaty gylimi darejesin alu ushin jazylgan disertasiya. – Almaty, 2010. – 125 b.
2. Radlov V.V. Opyt slovaria turkskih nareshi. Tom I-IV. – SPb.: Tip. Imp. akad. nauk, 1888-1911 gg.
3. Qaidarov A.T., Orazov M.O. Turkitanuga kirispe. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 248 b.
4. Borovkov A.K. Leksika sredneaziatskogo tefsira. – M.: Izdatelstvo vostochnoi literatury, 1963. – 368 s.
5. SHERBAK A.M. Gramatika starouzbekskogo iazyka. – M.: Izdatelstvo Akademii Nauk SSSR, 1962. – 277 s.
6. Adebiettanu terminderinin sozdigi. – Almaty: Ana tili, 1998. – 384 b.
7. Halyqaralyq ekonomika boiynsha terminologialyq sozdigi. – Qaragandy: QarMU, 2016. – 181 b.
8. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 1-tom. T. Januzaq, S. Omarbekov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b.
9. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi. Ensiklopedia. 1-tom. – Almaty: DPS, 2011. – 738 b.
10. Qazaq tilinin aimaqtyq sozdigi. G. Qaliev, O. Naqysbekov, SH. Sarybaev, A. Uderbaev jane t.b. – Almaty: Arys, 2005. – 824 b.
11. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 11-tom. J. Mankeeva, S. Bizaqov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b.
12. Qazaq dasturli madenietinin ensiklopedialyq sozdigi. – Almaty: «Sozdik-Slovar», 1997. – 368 b.
13. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi. Ensiklopedia. 3-tom. – Almaty: RPK «Slon» DPS, 2012. – 736 b.
14. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 7-tom. B. Momynova, B. Suierqulova, A. Fazyljanova jane t.b. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b.
15. Karaulov İ.N. Lingvistisheskoe konstruirovaniye i tezaurus literaturnogo iazyka. – M.: Nauka, 1981. – 366 s.
16. Taimullina Q.Q. Qazaq leksikografiasy: eki tildi audarma sozdikterdin mikroqurylymy // Eurazia gumanitarlyq institutynyn Habarshysy. – 2020. – №1. – 257-262-bb. <http://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf>.
17. Khazhieva Z., Novikova O., Belyaev A., Ivanova L. The Word-building Category Potential in the Analysis of the Names of Persons in the Russian and Bashkir Languages //Journal «Word» 2023, 69 (2). – P. 160-174. <https://doi.org/10.1080/00437956.2023.2202604>

Авторлар туралы мәлімет:

Мамырбек Гүлфар Мәжитқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Мамырбек Гүлфар Мажитовна – кандидат филологических наук, научный сотрудник института языкознания имени А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан.

Mamyrbek Gulfar Mazhitovna – candidate of Philological Sciences, Researcher A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

Малбақов Мырзаберген Малбақұлы – филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессоры, Алматы, Қазақстан.

Малбаков Мырзаберген Малбакович – доктор филологических наук, профессор Института языкознания имени А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан.

Malbakov Myrzabergen Malbakovich – doctor of Philology, Professor, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Сейтбекова Айнур Аташбековна – кандидат филологических наук, научный сотрудник института языкознания имени А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан.

Seitbekova Ainur Atashbekovna – Candidate of Philological Sciences, Researcher A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.